

*Баспаға Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті философия және саясаттану факультетінің Ғылыми кеңесі және Редакциялық-баспа кеңесі (№1 хаттама 2 қараша 2016 жыл); Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің жанындағы ҚР БасқМ-нің жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің Республикалық оқу-әдістемелік кеңесінің думанишарлық және жаратылыстану ғылымдары мамандықтары Секция мәжілісі шешімімен ұсынылған (№3 хаттама 2 маусым 2016 жыл)*

**Пікір жазғандар:**

философия ғылымдарының докторы, профессор **Г.К. Әбдіәлиева**  
саяси ғылымдарының докторы **Ж.К. Симпикова**  
саяси ғылымдарының кандидаты **К.С. Нұрсалым**

**Мұсатаев С.Ш.**

**М 85 Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздігі: Оқу құралы / С.Ш. Мұсатаев. – Алматы, 2017. – 240 б.**

**ISBN 978-601-04-2124-0**

«Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі» оқу құралы еліміздің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету механизмдері, ұлттық мүддені қорғауға бағытталған мемлекеттік саясаттың ерекшеліктері туралы студенттерді жалпы біліммен қамтамасыз етуге арналған. Әр тараудың сонында бақылау сұрақтары, негізгі және қосымша әлебиеттер тізімі берілген.

Оқу құралы студенттер мен магистранттарға, саясаттану және саяси құқықтық ілімдер тарихымен айналысатындарға арналған.

**ӘОЖ 323/324(574)**

© Мұсатаев С.Ш., 2017

ISBN 978-601-04-2124-0

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2017

**КІРІСПЕ**

Қазіргі әлемдік саясат ғаламдану процесінің қарқынды жүруімен, геосаяси ахуалдың күрделенуімен, тарихи-саяси қайшылықтармен, экономикалық дағдарыстармен, терроризм және экстремизмнің кең таралуы сияқты халықаралық қауіпсіздікке төнетін қауіп-қатерлердің көбеюімен ерекшеленіп отыр. Қазақстанның ХХІ ғасырдағы тыныс-тіршілігі мен тұрақты дамуы, ұзақ мерзімді мемлекеттік стратегияларын жүзеге асыруы осындай мәселелерді үнемі ескеріп отыруды талап етеді. Әсіресе ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету ерекше маңызға ие. Ұлттық мүдделер жүзеге асырылмаса, ұлттық қауіпсіздік қамтамасыз етілмесе кез келген мемлекет жойылып кетері сөзсіз. «Мәңгілік ел» боламыз десек, ұлттық қауіпсіздігімізді қамтамасыз ету мәселесі ешқашан күн тәртібінен түспеуі тиіс. Ұлттық қауіпсіздік – елдің дамуына аса қажет стратегиялық шарт. Осыған байланысты саясаттанушы мамандардың ұлттық қауіпсіздік сағасы туралы жан-жақты білімі болуы қажет:

- ұлттық қауіпсіздіктің теориялық негіздерін, оның негізгі түрлерін;
- әлемдік жалпыадамзаттық қауіпсіздік мәселелері туралы (экологиялық, демографиялық, ядролық қауіпсіздік, экономикалық, ақпараттық, соғыс және бейбітшілік мәселелері, т.б.);
- ғаламдық қауіпсіздік және ондағы Қазақстанның алатын орны мен рөлін;
- Қазақстан Республикасының геосаяси және геостратегиялық жағдайының ерекшеліктерін;
- әлемдегі әскери-саяси жағдайдың өзгеруі мен Қазақстанның әскери қауіпсіздігінің жай-жапсарын;
- ғаламдық, аймақтық және ұжымдық қауіпсіздікті құру мен нығайтудың жүйелерін;
- экономикалық қауіпсіздіктің ерекшеліктерін, Қазақстан Республикасының геэкономикалық мүдделерін, экономикалық саясаты мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелерін;
- Қазақстан мүше интеграциялық бірлестіктердің мәселелерін;